

**Ақиқат концепциялары  
және критерилері:  
*салыстырмалы талдау***

---

# Ақиқат ұғымы

---

*"Ақиқат ұғымы" Білімдегі абсолюттік және салыстырмалылық диалектикасы. Таным нәтижелерінің практикалық қызметте жетістікпен қолданылуы тек алынған білім дәйекті, ақиқатты болғанда ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Ақиқат туралы мәселе, тиісінше, таным теориясындағы аса маңыздылардың бірі. Ақиқат — білімнің пәніне, нағыздығына сәйкестігі. Былайша айтқанда, ол — нағыздықтың дұрыс көрсетілуі. Ақиқаттың айқындамасын түсіну оның негізгі қасиеттерін, белгілерін дәл айқындап алуды талап етеді.*

# Ақиқаттың объективтілігі

---

*Ақиқаттың объективтілігі — тұлғаның талғамы мен зауқынан, жекелеген қоғамдық қозғалыстар мен партиялардың корпоративтік мүдделерінен, жалпы адамның санасынан тәуелсіздігін айғақтайтын оның бірінші, бастапқы белгісі. Ақиқатқа қол жеткізу субъекті мен объектінің өзара қайшылықты әрекеттесуінен жүзеге асырылады. Сондықтан бұл әрекеттесудің; нәтижесінде (таным үдерісінде) объектінің де, субъектінің де әсерінен тұрады. Ақиқатқа қажетті бейнеде таным үдерісінің объективті және субъективті құрауыштарының бірлігі көрініс береді: объект болмаса, білім өзінің мазмұнын жоғалтады, ал білуші адамсыз — субъектісіз білімнің өзі жоқ. Рас, нағыздықтың білуші субъектіге тәуелді емес екендігі белгілі.*




*Объективті шынайылықтың өзінде ешқандай ақиқат жоқ, онда тек өзінің қасиеттері бар нәрселер ғана бар. Ақиқат осы шынайылықты адамдардың тануының нәтижесінде пайда болады. Ол танылатын шынайылық туралы субъектінің білімі болып табылады. Сондықтан объективтік білім неғұрлым толығырақ болса, соғұрлым таным субъектісінің белсенділігі жоғары болады.*

---

---

*Бұған байланысты мынаны айтуға болады: Ақиқат деген-үдеріс, ол объектіні бірден, тұтасымен және толық келемде түсіну. Ақиқатқа бірден және тұтасымен қол жеткізу мүмкін емес, оның күрделі үдеріс екендігін сезіп түсінуге адамдар біртіндеп келді. Ақиқатты біртіндеп дәлдеу және тереңдету үдерісін белгілеу және сипаттау, оның объективті мазмұнын толықтыру үшін "абсолютті ақиқат және салыстырмалы ақиқат" ұғымдары енгізілген.*



# Абсолютті Ақиқат

*Абсолютті ақиқат деп езінің мазмұны бойынша бейнеленіп отырған объектісіне абсолютті сәйкес келетін бішмді айтамыз.*

*Мүндайда білімның деңгейі абсолютті, демек, толық, дәл, ақырына дейін. Абсолютті ақиқат деп ешқашан күмән келтіруге болмайтын айғақты ақиқатты айтуға болады ("Абай Құнанбайұлы 1845 —1904 жылдар аралығында өмір сүрген").*



# “Мәңгілік” Ақиқат

---


*"Мәңгілік" ақиқатқа болашақта ешқашан теріске шығарылмайтын ақиқаттар жатады. Мысалы: "Барлық адамдар өледі", "Ай Жерді айналады", "Материяның және қозғалыстың жасалмайтыны және жоғалмайтыны" туралы философиялық ұстаным, т.б. Алайда танымда абсолюттік ақиқатқа жетуді нақты нәтиже дегеннен гөрі, ғалымдар көл жеткізуге тырысатын идеал деуге болар. Сондықтан ғылымда салыстырмалы ақиқатты көп пайдалануға тура келеді.*

# Салыстырмалы ақиқат

---

*Салыстырмалы ақиқат деп өзінің барлық объективті мазмұнымен аяқталмағандығы, толық емес екендігі көрінетін, ертелікеш бұдан өрі дәлдеуді қажет ететін білімдерді айтамыз. Былайша айтқанда, салыстырмалы ақиқат нағыздыққа жақын, оған едәуір сәйкес келетін, бірақ толық емес ақиқат. Шынайы танымда әрқашан субъектінің шарттылықтары мен ресурстары шектеулі: аспапты техникасы, қолданатын логикалық және математикалық аппараты, т.б. Осындай шектеулер зерттеушіге абсолютті ақиқатқа қол жеткізуге мүмкіндік бермейді, ол еріксізден салыстырмалы ақиқатқа қанағаттанады*





*Абсолютті білім — шынайылыққа толық сәйкестігіне орай — бұлжымайтын білім. Элементтері өзінің объектісіне сай болғандықтан, онда өзгертін ештеңе жоқ. Сырттай карағанда, абсолютті және салыстырмалы ақиқаттар бір-бірін жокка шығаратындай көрінеді. Ал танымның шынайы үдерісінде олар бір-бірімен қарама- қайшылықта емес, байланыста болады. Олардың байланыстары ақиқатқа жетудің процессуалдық, динамикалық сипатында болады*



*Салыстырмалы ақиқатта адамзаттың жиынтық білімінің тұрақты өсу үдерісін камтамасыз ететін, бұлжымайтын білімдердің элементтері жоқ десек, кателескен болар едік. И.Ньютонның классикалык механикасы танымның одан өрі даму барысында колданылудың шектеулі аясында ғана ақиқат, демек, салыстырмалы екендігі белгілі болды. Оның орнын, уакыт өте келе, күрделі теориялар — кванттык механика мен катыстылық теориясы басты. Солай болса да, классикалык механика адаскандык емес, абсолюттік ақиқаттың "ұрығы" бар ақиқат болып табылады. Ол нағыздықтың түрлі салаларында (аспан механикасы және техника) казір де табыспен қолданылады.*

---

# Қорытынды

*Таным үдерісінде адамдар абсолюттік және салыстырмалы ақиқаттарды қатар қолданады. Әрине, ақиқаттың өзі үдеріс болуына орай, танылған арсеналдың ішінде абсолюттік шындық көп емес және абсолюттік ақиқат сол арсеналдың екі полюсіне шоғырлануы сипат алған. Абсолютті ақиқат салыстырмалы ақиқаттардың қосындысынан тұрады. Қосынды деп бұл жерде, салыстырмалы ақиқаттардың белгілі бір мөлшерінің карапайым қосындысы емес, абсолютті білімнің құрылымындағы салыстырмалы ақиқаттың алатын мөлшерінің біртіндеп, үнемі өсуін айтамыз.*